

Македония Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 680 қаулысы

Македония Республикасында болған жойқын су тасқынына байланысты ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Македония Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2017 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің айырбастау күнгі ресми бағамы бойынша 50000 (елу мың) еуроға баламалы сомада қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз етсін:

Bank name: NATIONAL BANK OF THE REPUBLIC OF MACEDONIA

Address: Kuzman Josifovski Pitu Blvd. No. 1, 1000 Skopje, Macedonia

SWIFT BIC: NBRM MK 2X

Final beneficiary:

IBAN: MK07 1007 0100 0003 371

Name: Ministerstvo za finansii

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев